

## 1998 жылдың жазында "Тау шапағы" балалар сауықтыру лагерінде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 14 шілдедегі N 672

Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, республиканың экологиялық қолайсыз аумақтарындағы балалардың жазғы демалысына және оларды сауықтыруға мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен Алматы қаласының әкімі 1998 жылдың жазында Алматы қаласындағы "Тау шапағы" балалар сауықтыру лагерінің базасында жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, республиканың экологиялық қолайсыз аймақтарындағы балаларды сауықтыруды және олардың демалысын ұйымдастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, республиканың экологиялық қолайсыз аймақтарындағы балалардың демалысын және оларды сауықтыруды ұйымдастыру үшін 5 млн. теңге бөлсін.

3. Облыстардың, астананың және Алматы қаласының әкімдері балалар мен оларды алып жүрушілердің тұратын жерлерінен "Тау шапағы" лагеріне дейін және қайтар жолы үшін қаражат қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі "Тау шапағы" лагеріне келетін балаларды қарсы алуды және шығарып салуды ұйымдастырсын, оларды ерекше медициналық бақылауға алсын.

5. Алматы қаласының әкімі "Тау шапағы" балалар сауықтыру лагерінде балалардың тұруының қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК